

Инвотакси қызметін алушылардың санаттарын кеңейту туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 1215 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 10120-10 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Инвотакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санатымен кеңейтілсін:

аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар.

2. "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулының Рудный қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласы әкімі

В. Ионенко